

**«№2 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК-ның  
кезектен тыс жиналысының  
ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

«02» қазан 2023 жыл

**Жиналыс төрайымы:** - «№2 Облыстық перинаталдық орталығы»  
**ШЖҚ МКК басшысы**

**Хатшылықта:** заңгер

Жиналысқа әкімшілік бөлімінің қызметкерлері: адам.

**Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе:**

«№2 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша берілген ұсыныстарды орындау туралы.

Төрайымдық етуші жиналысты ашық деп жариялап, «№2 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК-дағы 26.07.2023 ж. сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау туралы талдамалық анықтамасында көрсетілген кемшіліктерді болдырмау бойынша іс-шаралар қарастырылатыны туралы хабарлады.

Кәсіпорының бұйрықтар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №703 қаулының талаптарына сәйкес жүргізу әрі қарай қатаң бақылауға алу.

Анықтамада көрсетілгендей, орталықтың мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру барысында, орталықтың өндірістік қажеттіліктеріне және бәсекелестік ортада жүргізуге уақыттың тығыздығына байланысты Кәсіпорын:

1) ЖШС "Social-i International Kazakhstan" 070340009988/220178/00 2022-09-16 «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт сомасы 160 000.00 теңгені құрайды;

2) ЖШС "Social-i International Kazakhstan" 070340009988/220166/00 2022-09-12 «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт сомасы 80 000.00 теңгені құрайды.

3) ЖШС "MEDsmart" 070340009988/220151/00 2022-08-26 «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт сомасы 200 000.00 теңгені құрайды. Мемлекеттік сатып алу бойынша келісім-шарттар түзілгендігі туралы анықталды.

Яғни жоғарыда аталған келісім шарттар, Ұйымдастырушы тарапынан «Мемлекеттік сатып алу» ҚР Заңының 1 – тармағының 41 – бабы, 39 – бабының 3 – тармағын (көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды,

жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларының (көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзылуына жол берген. Бұр тұрғыда, «№2 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК тарапынан, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдерін заң аясында, мерзімінде және сапалы түрде өткізуді қамтамасыз етіп, алдағы уақытта кемшіліктерге жол бермеу бойынша тиісті шаралар қабылдануы қажет.

Жалпы жиналыс күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша жиналыс төрайымы жиналысты қорытындылай келе,

### Ш Е Ш І М Е Т Т І:

- Мемлекеттік сатып алуды жүргізу барысында Кәсіпорын тарапынан аталған сатып алуларды, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-тармағының 41-бабына және 4- бабына сәйкес бәсекелестік ортада жүргізілуге міндетеледі.

Жиналыс төрайымы:

Э.А.Кожаметова

Хатшы:

У.Б.Аманқұлова

